

Г.Б.Нұрадин 

Филос.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,
Тараз, Қазақстан

Г.У. Мырзапайзова* 

Аға оқытушы
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,
Тараз, Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ ТАРТУДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Зерттеуде М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің студенттерін әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту процесіне тарту мәселесіндегі философиялық теория мен тәжірибелердің шынайы жүзеге асыру тетіктері негізделді. Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде студенттердің гуманитарлық пәндерге деген қызығушылығының төмендеуі жаһандық проблемаға айналууда. Бұл тұрғыда практикалық философияның әдістері мен тәсілдері оқу процесін мағыналы және өмірмен байланыстырудың жолдарын ұсынады. Зерттеу барысында философиялық мәселелерді қою техникасы, сыни ойлауды дамыту стратегиясы және студенттің жеке рефлексиясын ынталандыру талданады. Мақала авторлары философиялық көзқарас студенттің жеке басын зерттеу тақырыбына айналдыратынын, пассивті тыңдаушыны белсенді іздеушіге айналдыратынын дәлелдейді. Жүргізілген талдау негізінде философиялық зерттеулердің элементтерін әлеуметтік-гуманитарлық білімге оқу жоспарларына енгізудің теориялық негіздемесі ұсынылды.

Тірек сөздер: практикалық философия, студент тартымдылығы, гуманитарлық білім, сын тұрғысынан ойлау, рефлексия, оқыту үдерісі.

Кіріспе. Университеттегі барлық білім беру бағдарламалары бойынша оқыту міндеттелген әлеуметтік-гуманитарлық пәндер - жоғары білімінің рухани өзегі. Жоғары білім берудің негізгі мақсаты - жеке тұлғаның терең кәсіби біліктілігін арттырып, жақсы қалыптасқан ғылыми дүниетанымы мен шығармашылық және сыни ойлау қабілетін қалыптастырып, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени дамуына үлес қоса алатын білікті маман ретінде даярлау. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы пәндер студенттің өзін-өзі тануына, қоғамдағы орнын анықтауына және

болашағын саналы жоспарлауына мүмкіндік береді. Бүгінгі технологиялық өркениет дәуірінде, жасанды интеллект пен цифрлық трансформация адам еңбегінің мәнін қайта қарайтын кезде, гуманитарлық білімнің маңызы арта түсу керек. Себебі машина есептей алады, бірақ мән бере алмайды, алгоритм шешім ұсынады, бірақ жауапкершілік алмайды. Осы олқылықты толтыратын, адамды адам ететін білім саласы - дәл осы әлеуметтік-гуманитарлық пәндер болып қала береді [1, 92 р.]. Алайда қазіргі таңда техникалық ғылымдардың табыс көлемі мен сұранысы, билік тарапынан басымдылық беру артқан, осыған

орай тәжірибе көрсеткендей, студенттер арасында әлеуметтік-гуманитарлық пәндерге деген қызығушылық, әсіресе техникалық білім алушылар арасында төмен болуы жиі байқалады. Мақалада әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың негізі, Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы міндетті пән – «Философия» пәнінің аудиториядағы тынысы туралы болады.

Университеттегі философ, ең алдымен «Философия» пәнінің әр оқытушысы, педагог. Ол пәндік педагогикалық зерттеулер жүргізіп оны философиялық тұрғыдан талдайды. Білім алушылардың пәннің теориялық базасын өзін-өзі жетілдіруге бағытталған практикалық тапсырмаларды орындай отырып игеруі топтың мотивациялық сипатын анықтауға қолайлы және біртұтас көзқарасты анықтау үшін орындалған тапсырмаларды жинау және қорытындылау атап айтқанда сауалнамаларды, экспресс жұмыстар, фокус-топтардағы тапсырмалар, аудиториядағы талқылауларды және рефлексивті жазбаларды қамтиды. Авторлық әдістерді сынау көп факторлы зерттеу, ол барлық жағдайда да оң нәтиже бере бермейді. Алайда пәннің тартымдылығын арттырып, интроверт білім алушылардың индивидуалдылығын серпілтуге тікелей ықпал етеді. Күрделі философиялық тұжырымдарды талқылау іргелі теорияларды тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Практикалық философия білім алушылардың жан-жақтылығын байқатады, ол оқыту тиімділігін арттырудың негізі шарты.

Жалпы адамзаттың тарихи даму жолындағы университеттік жоғары білім беру тарихы өз бастауын ортағасырлық батыстан алады. Алғашқы университеттерде филосо-

фия факультеттері негізгі әрі аса маңызды мәртебеге ие болып қажетті білімнің қажетті негізін қалады.

Неміс философы И.Кант: «Әр университетте философия факультеті міндетті түрде болуы керек, себебі ол үш жоғарғы факультетті бақылайды және оларға пайдалы болады, бұл шындық. Ал үш факультеттің үкіметке пайдалы боламын деген уәдесі тек екінші шындық ғана бола алады» [2,324 с.]. 1798 жылы Кант «Факультет дауы» деген еңбек жазып онда философия факультетінің мәртебесін қорғаған және университеттік жоғары білім берудегі пәннің маңыздылығын негіздеген. Кант пікірінше, факультеттер деңгейінің жоғары немесе төмен болуы университеттің емес мемлекеттің қажеттілігіне байланысты. Себебі мемлекет халықтың ықыласы мен назарының ұзақ уақыт бойы өзіне тиесілі болғанын қалайды, ал мемлекеттің бұл қызығушылығын тек философия факультеті ғана бере алады. Кант философия факультеті мәртебесінің университет басшылығы тарапынан төменгі көзқарасқа ие болуы, ал философтың қоғам тарапынан қажетсіз болуы үлкен қателік деп есептеді. Екі ғасыр бұрынғы Кант көтерген мәселе бүгінгі күні де философтар мен философия пәнінің оқытушылары үшін әлі де өз өзектілігін жойған жоқ.

Ресми дерек бойынша республика аумағында 113 ЖОО-ы жұмыс істейді, оның 64-і (56,6%) жеке меншікте болса, 48-і (42,5%) мемлекет және 1-еуі (0,9%) шетел меншігінде екен. Жоғары оқу орындарының ішінде 11 ұлттық жоғары оқу орны университет, академия, консерватория), 78 университет, 14 академия, 10 институт бар [3]. Республикалық 113 жоғары оқу орны ішіндегі 6 университет философтар дайындай-

ды, қоғамдық сұраныс аз. Атап айтсақ:

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі «Философия және саясаттану» факультеті;

- Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі «Тарих және философия» институты;

- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дегі «Философия» кафедрасы;

- Е.Бөкетов атындағы ҚУ-дегі «Тарих, философия және саясаттану» факультеті;

- М.Әуезов атындағы ОҚУ-дегі «Философия және мәдениеттану» кафедрасы;

- С.Аманжолов атындағы ШҚУ-дегі «Философия және құқық» кафедрасы. Аталған университеттерден жылына орта есеппен 100-ге жуық философ, философия пәнінің оқытушылары дайындалады, олардың 30-40% оқытушылық қызмет істемейді, университеттегі «философия» пәнін өзге гуманитарлық пәндер иелері өткізеді. Бұл университеттердегі «философия» пәнінің мәртебесіне нұқсан келтіреді.

Университеттегі пәндер арасындағы философияның маңыздылығы туралы Ф.Шлейермахер де қозғады. Ол 1808 жылы «Университеттер туралы немістік көзқарастағы кездейсоқ ойлар» атты еңбегінде «Барлығы да философиядан басталады және философия барлығында да бар!» деген тұжырым айта отырып, университет барлық нақты білімнің қажетті шарты мен ортасы, ақыл мен оның қызметін дамыту жүйесі ретінде таза философияның тұтастығы мен тазалыған ашу мүмкіндігіне ие деген пікірде болды. Ғылыми еңбек қай салада жазылса да оның түпкі мазмұнында, әдісінде, тілінде, көрнісінде «философиялық ойлау стилі» қызмет ететінін негіздеді [4, 556-557с.]. Қазіргі таңда еуропалық және американдық ЖОО-да

«философия» әр білім беру бағдарламасының кемі 20% үлесін құрайды. Әр пән тарихы философиядан және философтардан бастау алады. Бұл философияның пәндік тұрғыдан жетілгендігінің көрінісі және барлық зерттелімдердің негізін құрайтындығының дәлелі.

Келесі бір неміс философы В.Гумбольдт әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кешенінің, әсіресе философия пәнінің маңыздылығы туралы айтып Канттың жалпы білім беру идеологиясын жүргізді. Гумбольд: «Философия – барлық ғылымдардың тәжі» деген тұжырым айта отырып философиялық білімнің университеттік пәндер шеңберінде, сондықтан «философиялық ойлау» барлық зерттелетін ғылымдардың бір бөлігіне айналады [5, 115 p.] деп пайымдады.

Неміс классикалық философиясының белді өкілі Г.Гегель философиялық білім беру және философиялық пәндерді оқыту мәселелеріне жүгіне отырып 1816 жылы «Университеттердегі философияны оқыту туралы» атты хат және 1821 жылы «Гимназиялардағы философияны оқыту туралы» атты баяндамасын жариялаған. Онда философияны оқытудың мәні мен мазмұны туралы ең маңызды идеялар мен өзіндік тәжірибелер келтірілген. Гегель философия пәнін оқыту арқылы философиялық ойлауды қалыптастыру ерте білім беру кезінде, яғни гимназиялық оқытудан басталу қажеттігін айтады. Себебі, бұл рухты дамытудың, философиялық ойлауды қалыптастырудың, ежелгі тілдерді үйренудің дайындық кезеңі. Философ гимназиялық білім беруді қарастыруға жүгінеді, өйткені ол адамның одан әрі оқуға бейімділігін қалыптастырады, оны бағыттады деп есептейді. Білім алушының философиялық білімін қалыптастыру үшін ресми білім мен ойлау

жаттығуларын беру керек [6, 424 р.] деген ойын алға тартты.

Аталған неміс философтарының тұжырымдамалары жоғары билік тарапынан ескеріліп университеттерде гуманитарлық пәндерге көп көңіл бөліне бастады, бұл өз кезегінде философиялық білім мәртебесінің жоғарылауына оң ықпал етті.

Оксфорд университетінің профессоры М.Дамметт «Еуропалық мәдениеттегі философияның орны» атты мақала жариялап философия пәнінің мәртебесіне ерекше назар аударды. Дамметтің бұл мақаласына Ян Фэй, М.Фраухигер, К.Камия, Б.Вайсс, Ч.Коццо сынды бірқатар ғалымдар қолдау ретінде мақалалар жариялады. Дамметт пікірінше философияны тану үшін көп уақыт қажет болды. Әр ғылым саласының бастаушы, негізін қалаушы ғалымдардың барлығы дерлік философтар. «Философия» осы тұрғыда танымал және барлығына қолжетімді [7, 16 р.].

«Философиялық білім» қоғамды қиын жағдайдан шығарып, адамдарды ой елегінен өткізуге жетелеуі мүмкін. Философиямен танысу барысында білім алушының дүниеге, өзіне және басқа адамдарға деген көзқарасы өзгереді, шығармашылық дәуірдің ішкі мазмұны мұраттар мен бағдарларды тұжырымдай білу және тығырықтан шығудың жолдарын іздеу арқылы түсініледі.. «Философия» пәні бойынша ұсынылған оқулықтар мен оқу құралдарының арқасында әр түрлі дәуірдегі ірі ойшылдардың еңбектерін игерген студент философиялық мәтіндер мен логикалық ойлауды, ғылыми зерттеуді жан-жақты дамытады. Мұндай механизмдер оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға, түсіну және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруға, ең

бастысы оқушының адамгершілік санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері.

Зерттеу 2025–2026 оқу жылының бірінші семестрінде М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті жаратылыстану-география факультетінің 6B01533-24/1, 6B01533-25/3, 6B01533-25 (с) - жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау білім беру бағдарламасын игеріп жатқан студенттерге 5 кредиттік «Философия» пәні бойынша жүргізілді. Зерттеуге аталған топтың 20 студенті қатысты. «Философия» пәні бойынша 15 дәріс, 30 семинар, яғни аптасына үш сағат активті аудиториялық сабақ берілген. Зерттеудің бақылау кезеңі нақты 10 аптаны құрады.

Зерттеу барысында зерттеуші Г.Б. Нұрадиннің үш негізгі авторлық әдісі қолданылды. Бұл әдістер философиялық емес және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламаларының оқытушылары мен студенттеріне арналған «Практикалық философия» (2021) атты оқу құралында [8] теориялық тұрғыда сипатталған болса, осы зерттеуде эмпирикалық тексеруден өткізілді.

Зерттеу нәтижелері және талқылау.

Бүгінгі күні жоғары білім беру саласындағы жүргізілген қаржылық тиімділік реформалары салдарынан университеттер аудиториядағы студенттер санын көбейтіп, оқытушы жүктемесі көбейді, нәтижесінде дәрістер формалды сипат алып, оқу үдерісі студенттің жеке санасы мен өмірлік тәжірибесінен алшақтап кетеді. Бұл мәселе тек бір оқу орнының емес, жалпы жоғары білім жүйесінің жүйелі сынағына айналды. Дулати университетінің «философия және саясаттану» кафедрасы осы мәселенің шешімін іздеу барысында жүйелі жұмыстар

жүргізіп, өзге университеттермен тәжірибе алмасу барысында үнемі практикалық ұсынымдар беріп отырады.

Тәжірибе нәтижесі тандалған үш әдіс бойынша ұсынылады.

Әдіс №1. Padlet + Рөлдік ойын «Тікелей эфир журналисі»

Бұл әдіс виртуалды-интербелсенді қабырға «Padlet» платформасы арқылы жүзеге асырылды. Алдымен эмпирикалық зерттеуге қатысушы 20 студент төрт-төрттен бес топқа бөлінді. Жүргізілу барысы төрт кезеңнен тұрды.

Бірінші кезеңде әр топ өз тақырыптарын «Padlet» виртуалды интербелсенді қабырғағасында таныстырды, оларға платформаның мәтін, сурет, аудио, бейне, кесте, дауыс беру т.б. мүмкіндіктерін пайдалану тапсырылды.

Екінші кезеңде аудиториядағы қатысушы-студенттер таныстырылым барысындағы туындаған сұрақтары мен өз пікірлерін виртуалды-интербелсенді қабырғаға дәл сол сәтте жариялап отырды. Бұл мүмкіндіктің екі тиімділігі бар. Бірінші, сұрақ қоюшы немесе пікір білдіруші студент өз ойын білдіруі үшін таныстырылымның аяқталғанын күтеді, ол ақпарат беріліп жатқан тұста туындаған ой болғандықтан таныстырылым аяқталғанша өз эффектісін жоғалтуы, студенттің қояр сұрағын ұмытып қалуы, айтқысы келмей қалуы сынды бірнеше септермен тиімсіз болуы мүмкін. Екіншіден, студенттің қолын көтеруі, оқытушының оған рұқсат беру, орнынан тұруы, кей жағдайларда сұрақты жүйелей алмауы т.б. жағдаяттар уақыт алады.

Үшінші кезең аса маңызды, себебі тақтадағы 4 қатысушы-студент таныстырылым барысында өзін тікелей эфирдегі журналист ретінде сезініп, платформаға келіп түскен сұрақтарға іркілместен жауап беру,

ол сұрақтың кімнен келгенін, сұрақ маңыздылығын атап өту, материалдарға сол сәтте келіп түсіп жатқан бағалау смайликтеріне аудиторияның назарын аударту, тұжырымдардың дауыс беру нәтижелерін үнемі жариялап отыру, бір-біріне килікпей этикалық дистанция ұстау, регламентті ескеру т.б. сынды құбылмалы ситуацияны игеруі шарт. Бұл әдіс ұғымдардың адам санасында өзара байланыста сақталатынын және ойлаудың белгілі бір үлгіге бейім екенін көрсетті. Бес топтың екеуі аса белсенді, біреуі орташадан жоғары, қалған екі топ енжар нәтиже көрсетті.

Төртінші кезең қорытынды, аудиториядағы қатысушы-студенттер виртуалды қабырғадағы тікелей дауыс беру мүмкіндігін пайдаланып топ жұмысын лайк және дизлайк белгішелерімен бағалады. Олар Padlet виртуалды қабырғасымен алғаш рет жұмыс істегендерін және оны тез игергендігін, яғни техникалық қиындық туындамағанын, алайда өздерін тікелей эфирдегі журналист сезінуі арқылы ситуацияны бақылауды ұстау және дәл сол сәтте орын алып жатқан іс-әрекеттерді дереу баяндау, педагогикалық сөйлеу стилін сақтау т.б. қиындық туғызғанын, жауапкершілікті сезінгендерін айтты.

Әдіс №2. 1 нұсқа «Мен кімін!», 2 нұсқа «Мені кім деп білесің!і» - жеке болмысты тану жаттығуы.

Бұл психологиялық тереңдігі жоғары авторлық әдіс екі нұсқадан, әр нұсқа бірнеше кезеңдерден тұрды және бұрын бірнеше рет эмпирикалық сынақтан өткен, алайда әр топта қатысушы-студенттердің индивидуалдығына байланысты әр түрлі нәтиже береді.

«Мен кімін!» нұсқасының **бірінші кезеңінде** қатысушы-студенттерге өзінің адамдық болмысын сипаттайтын позитивті 10

қасиетін жазу тапсырылды, 3-4 минут уақыт берілді. **Екінші кезеңде** тізбектелген 10 қасиеттің өзің үшін әлсіздеу деп санаған үшеуін сызу шарты берілді, ойлану уақыты 1-2 минут. Қатысушы-студенттердің басым көпшілігі бұл кезеңнен қиналмай өтті. **Үшінші кезеңде** өз болмысын анықтайтын 10 қасиеттен қалған 7-еудің тағы 4-еуін сызу сұралды. Шартты орындауға 2-3 минут уақыт берілді. Бұл жолы олар тізбектен өзінің төрт қасиетін қажетсіз деп сызуға біраз қиналды, бірақ барлығы емес. Бақылау барысында бес студент еш қиындықсыз сызды, яғни болжам бойынша олар өз-өздеріне толық қанағаттанбайды немесе сынақтың маңыздылығын түсініп отырған жоқ. Алты студент біраз ойланып орташа қиындық туындағанын білдіртсе, қалған 9-ы мазасызданды, ашуланды, шағым айтты, бұл жақсы нәтиже. **Төртінші шешуші кезеңде** қалған 3 қасиеттің тағы да 2-уін сызып, тек 1 қасиет қалдыру сұралды, ары қарай рандомизациялау бойынша 4, өз тілегі бойынша 5 студент тәжірибе барысындағы өзінің көңіл-күйін және ең соңғы қасиет шыныменде оның ең түпкі негізі екенін жеткізді. Соңғы кезеңмен қорытындылауға 15 минут уақыт жұмсалды. Дәл осы шешуші сәтте қатысушы-студенттер арасындағы айырмашылық айқын көрінді: жауапкершілігі жоғары студенттер қатты қиналып, толқыды, ал жауапкершілігі төмен студенттер ойланбастан сыза салды. Алайда зерттеуге қатысушы студенттердің сол сәттегі көңіл күйі, жалпы мінез-құлық темпераменті тікелей есепке алынған жоқ. Бұл жаттығу арнайы тест өткізбестен-ақ топтың психологиялық портретін табиғи жолмен ашты. Әдіс Viktor Frankl-дің логотерапиясымен [9] және өзін-өзі

тану, жеке болмыс философиясымен тікелей байланысады.

«Мені кім деп білесің!» атты 2-ші нұсқа 1-ші нұсқа шартына ұқсас, тек әрбір қатысушы-студент ойша аудиториядағы келесі бір студентті таңдап соның позитивті 5 қасиетін жазды. Шарт орындалған соң тілек білдірген студент тізбектеген бес қасиетін оқыды, ал аудитория оның кімнің жеке болмысының іс-әрекеттік, мінез-құлықтық сипаты екендігін тапты. Аудиторияда таңқалыс, бірін-бірі мойындау, бірін-бірі мадақтау, ерекшелену т.б. эмоциялар мен іс-әрекеттер орын алды. Бұл топ ішіндегі коммуникацияны біріктіруге, эмпатия білдіруге алып келді. Топ студенттерінің өзара бірігуі пәннің тартымдылығын арттыруға, оны игеру құлшыныстарын арттыруға септігін тигізуі мүмкін.

Әдіс №3. «Ментор-Протеже» - тең қатынасты қолдау.

Бұл әдіс 6-шы аптадан басталды. Зерттеуші бақылауы нәтижесінде топ ішінде белсенділігі жоғары және төмен студенттер анықтала бастады. Белсенділігі жоғары студенттер белсенділігі төмен студенттермен жұпқа және шағын топқа біріктірілді. Жұптастыру кездейсоқ емес, яғни бақылау нәтижесіне негізделген саналы шешім болды. Нәтижесінде «протеже» жағынан: бұрын өзін көрсетуге тартынған студенттердің ішкі тілегі мен мүмкіндігі ашыла бастады, «ментор» жағынан: протежеге деген шынайы алаңдаушылық пен қолдау сезімі байқалды. Бұрын бір-бірімен етене араласпаған студенттер арасында нақты эмоциялық байланыс қалыптасты. Бұл әдіс Выготскийдің «проксималды даму аймағы» тұжырымымен [10] тікелей үндеседі.

Он апталық зерттеу нәтижесінде 11 студент өте белсенді болды, олар барлық тапсырмаларды уақытында,

тіпті артығымен орындады, топ ішінде бастамашыл рөл атқарды. 4 студент белсенді болды, олар да өте белсенділермен қатар жоғары нәтиже көрсетті, алайда үнемі белсенді болу, креативтілік, базалық білім айырмасы байқалды. 3 студент формалды белсенділік танытты, ситуативті түрде әр топқа қосылды, енжарлық танытты, кейбір тапсырмаларды жартылай, кейбірін мүлде орындамады. 2 студент зерттеуден шықты: 1 студент ұзақ мерзімге ауруханаға түсті, 1 студент сабаққа сирек келді.

Зерттеудің алғашқы апталарындағы бақылау нәтижесінде 3 студент аса белсенді, 6-уы орташа, 9-ы орташадан төмен нәтиже берген. Қорытынды бойынша орташа белсенділік 50%, төмен белсенділік 80% төмендеді де аса белсенділік 3 тен 11 ге, яғни 72,7% көтерілді.

Қорытынды. Зерттеудің ең маңызды нәтижесі - белсенділіктің «жұқпалы эффектісі». Алғашқы 2-3 апта өткен соң белсенді топтардың мүшелері орташа белсенді топқа ауыстырылды. Нәтижесінде орташа топтың белсенділігі айтарлықтай өсті. Бұл белсенділіктің тек жеке қасиет емес, әлеуметтік орта арқылы берілетін феномен екенін дәлелдейді.

«Мен кімін!» жаттығуында соңғы қалған бір қасиет туралы бірнеше студент: «Иә, бұл шынымен менің ең басты қасиетім» деп өздігінен мойындады. Жаттығу арнайы тест өткізбестен-ақ, топ ішінде жауапкершілігі жоғары және төмен студенттерді табиғи түрде айқындады. Бұл Frankl-дің [9] өмір мәнін іздеу тұжырымын философиялық-педагогикалық контекстке сәтті аударылды. Студент тек тақырыпты емес өзін зерттеді. Осылайша пән студенттің жеке дамуының айнасына айналды.

«Ментор-Протеже» жұмысында ең күтпеген нәтиже ментор студенттердің эмпатиясының оянуы

болды. Бұрын бір-бірімен қарым-қатынасы шектеулі болған студенттер арасында жаттығу барысында табиғи байланыс желісі пайда болды.

Алынған нәтижелер Leng (2020) [11]. зерттеуімен үндеседі: философиялық зерттеу ортасында студенттер таңданыс пен сұрақ қою рухын оятады, пассивті тыңдаушыдан белсенді ойшылға айналады. Вygотскийдің әлеуметтік конструктивизм теориясы тұрғысынан қарағанда [10], «Ментор-Протеже» әдісі студенттің «проксималды даму аймағында» жұмыс істеуіне мүмкіндік берді, яғни өз бетінше жете алмайтын деңгейге қабілеттірек серіктестің қолдауымен жетті.

Белсенділіктің «жұқпалы эффектісі» Biesta (2022) [1] еңбегіндегі «орта арқылы оқыту» концепциясымен сәйкес келеді. Оқу ортасы мен топтық динамика студенттің жеке ынтасынан кем емес маңызды екені дәлелденді.

Nussbaum (2021) атап өткендей «Жоғары білімдегі гуманитарлық пәндер студентке «азаматтық қиял», өзгенің орнына өзін қоя білу қабілетін дамытады» [12]. Осы зерттеудегі үш әдіс де дәл осы қабілетті нығайтуға бағытталғаны кездейсоқ емес.

Тәжірибе барысында студенттердің пәнге деген қызығушылықтарының артқаны және белсенділігінің өскені, өз ойларын ашық білдіруге деген дайындықтарының жетілгені анық байқалды, яғни практикалық философиялық тәсілдер айқын оң нәтиже берді деп айтуға толық негіз бар. Осы мақаланың көздеген мақсаты да жүргізілген тәжірибені ғылыми тұрғыдан талдау және жариялау арқылы Дулати университетінің басқа факультеттері мен кафедраларының оқытушыларын студенттер үшін пәнді тартымды ету жолдарын іздеуге, сынап көруге және бірін-бірі тәжірибемен байытуға шақыру.

Аудиториядағы коммуникация, яғни сұрақ қою, пікір алмасу, мұқият тыңдау, терең ойлау және байланыс орнату оқу процесіне белсенді қатысудың айқын көрінісі. Белсенді студенттер зерттеушілік жұмыс процесінде өздері үшін «жаңа философияны» өмірге әкеледі. Зерттеу жұмыстарына қатысу

әлеуметтік-педагогикалық интеграцияға және білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді.

«Философия» тірі қалу үшін белсенді болуы тиіс - ал бұл белсенділік әрбір дәрісханадан басталады.

References

1. Biesta, G. World-Centred Education: A View for the Present / G. Biesta. – New York : Routledge, 2022. – 168 p. https://www.researchgate.net/publication/352809159_World-Centred_Education_A_View_for_the_Present
2. Кант, И. Спор факультетов, 1798 / И. Кант // Сочинения: в 6 т. / И. Кант. – М.: Мысль, 1966. – Т. 6. – С. 257–347.
3. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім (2024-2025 оқу жылының басына) (қаз.). Ұлттық статистика бюросы (25 желтоқсан 2024).
4. Schleiermacher, F. Gelegentliche Gedanken über Universitäten in deutschen Sinne / F. Schleiermacher // Schleiermachers Werke. Neuedruck der 2. Auflage. – Leipzig: Scientia Verlag, 1967. – Vierte Band. – S. 533–643
5. Benner, D. Wilhelm von Humboldts Bildungstheorie. Eine Problemgeschichtliche Studie zum Begründungszusammenhang neuzeitlicher Bildungsreform / D. Benner. – Weinheim und München: Juventa Verlag, 1990. – 232 s.
6. Гегель, Г. О преподавании философии в университетах / Г. Гегель // Работы разных лет: в 2 т. / Г. Гегель. – М.: Мысль, 1970. – Т. 1. – С. 417–427.
7. Dummett M. The place of philosophy in european culture // EuJAP | Vol. 8 | No. 1 | 2012. -13-24 p.
8. Нұрадин Г.Б. Практикалық философия. «Философия» пәні бойынша философиялық емес және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламаларының оқытушылары мен студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы ЖШС Лантар Трейд, 2021. – 234 б
9. Frankl, V.E. Man's Search for Meaning / V.E. Frankl. – Boston : Beacon Press, 2006. – 165 p.
10. Vygotsky, L.S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes / L.S. Vygotsky. – Cambridge : Harvard University Press, 1978. – 159 p.
11. Leng, L. The Role of Philosophical Inquiry in Helping Students Engage in Learning / L. Leng // Frontiers in Psychology. – 2020. – Vol. 11. – № 449. – doi: 10.3389/fpsyg.2020.00449
12. Nussbaum, M.C. Philosophy and the Improvement of Life: Practical Wisdom in Higher Education / M.C. Nussbaum // Journal of Philosophy of Education. – 2021. – № 55(2). – P. 312–327

Г.Б.Нұрадин, Г.У. Мырзапайзова

^{1,2}Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

РОЛЬ ФИЛОСОФСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ В ВОВЛЕЧЕНИИ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕСС ПРЕПОДАВАНИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН

Аннотация. В исследовании обосновываются механизмы подлинной реализации философской теории и практики в вопросе вовлечения студентов Таразского университета им. М.Х. Дулати в процесс преподавания социально-гуманитарных дисциплин. В современной системе высшего образования снижение интереса студентов к гуманитарным предметам становится глобальной проблемой. В этом смысле методы и подходы практической философии предлагают способы связать учебный процесс с осмысленным и жизненным. В ходе исследования анализируются техника постановки философских проблем, стратегия развития критического мышления и стимулирование личностной рефлексии учащегося. Авторы статьи доказывают, что философский подход

превращает личность студента в предмет исследования, превращает пассивного слушателя в активного искателя. На основе проведенного анализа было предложено теоретическое обоснование включения элементов философских исследований в учебные планы социально-гуманитарного образования.

Ключевые слова: практическая философия, студенческая привлекательность, гуманитарное образование, критическое мышление, рефлексия, процесс обучения.

G.B.Nuradin, G.U. Myrzapaizova

^{1,2}M.H.Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

THE ROLE OF PHILOSOPHICAL RESEARCH IN INVOLVING STUDENTS IN THE PROCESS OF TEACHING SOCIAL AND HUMANITARIAN DISCIPLINES

Abstract. The article examines the place and role of philosophical research in the issue of involving students of Dulati University in the process of teaching social and humanitarian disciplines. The decline in student interest in humanities subjects in the modern higher education system is becoming a global problem. In this context, the methods and approaches of practical philosophy offer ways to make the learning process more meaningful and connected with life. In the course of the research, the methods of posing philosophical questions, the development of critical thinking and strategies for stimulating personal reflection of the student are analyzed. The authors of the article prove that the philosophical approach transforms the student's personality into a subject of research, transforms a passive listener into an active seeker. Based on the analysis, a theoretical justification is proposed for the inclusion of elements of philosophical research in social and humanitarian education in curricula.

Keywords: practical philosophy, student attractiveness, humanitarian education, critical thinking, reflection, learning process.

References

1. Biesta, G. World-Centred Education: A View for the Present / G. Biesta. – New York : Routledge, 2022. – 168 p. https://www.researchgate.net/publication/352809159_World-Centred_Education_A_View_for_the_Present
2. Kant, I. Spor fakúltetov, 1798 / I. Kant // Sochinenia: v 6 t. / I. Kant. – M.: Mysl, 1966. – T. 6. – S. 257-347.
3. Qazaqstan Respýblıkasyndaǵy joǵary bilim (2024-2025 oqý jylynyń basyna) (qaz.). Ulttyq statısıka búrosy (25 jeltoqsan 2024).Schleiermacher, F. Gelegentliche Gedanken über Universitäten in deutschen Sinne / F.
4. Schleiermacher // Schleiermachers Werke. Neuedruck der 2. Auflage. – Leipzig: Scientia Verlag, 1967. – Vierte Band. – S. 533–643
5. Benner, D. Wilhelm von Humboldts Bildungstheorie. Eine Problemgeschichtliche Studie zum Begründungszusammenhang neuzeitlicher Bildungsreform / D. Benner. – Weinheim und München: Juventa Verlag, 1990. – 232 s.
6. Gegel, g.ýniversitetterde filosofıany oqytý týraly / g. Gegel // ár jyldardaǵy jumystar: 2 tom / g. Gegel. – M.: Oı, 1970. – T.1. – 417-427 BB.Dummett M. The place of philosophy in european culture // EuJAP | Vol. 8 | No. 1 | 2012. -13-24 p.
7. Nuradin G.B. Praktıkalyq filosofia. "Filosofia" pání boıynsha filosofıalyq emes jáne qoǵamdyq-gýmanıtarlyq baǵyttaǵy bilim berý baǵdarlamalarynyń oqytýshylary men stýdentterine arnalǵan oqý quraly. – Almaty JSHS Lantar Treid, 2021. – 234 bFrankl, V.E. Man's Search for Meaning / V.E. Frankl. – Boston : Beacon Press, 2006. – 165 p.
8. Vygotsky, L.S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes / L.S. Vygotsky. – Cambridge : Harvard University Press, 1978. – 159 p.
9. Leng, L. The Role of Philosophical Inquiry in Helping Students Engage in Learning / L. Leng // Frontiers in Psychology. – 2020. – Vol. 11. – № 449. – doi: 10.3389/fpsyg.2020.00449

10. Nussbaum, M.C. Philosophy and the Improvement of Life: Practical Wisdom in Higher Education / M.C. Nussbaum // Journal of Philosophy of Education. – 2021. – № 55(2). – P. 312–327

11.06.2026 ж. баспаға түсті
1.07.2026 ж. басып шығаруға қабылданды

Мақалаға сілтеме:



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).